

егемен

Агентство

Елбасының жаһандық деңгейдегі қайраткерлігінің жемісі

Сирия мәселелерін реттеуге арналған Қазақстанның елордасында биылғы жылдың қаңтар айының 24-25-сі күндері болып өткен халықаралық кездесу Қазақ елінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әуелден бар дүниенің жайы мен бар адамзаттың мұддесін ойлап келе жатқан адал ниеті мен кеменгер саясатының және жеке басының зорabyroйының арқасында қосқанаты отқа шарпылып, тынысы тарылып бара жатқан кең дүниеге жана бір тыныс берді.



Сирияда орын алған күрделі ахуал бүкіл әлемдік қоғамдастықтың назарын өзіне аударып отыр. Қазақстан – бейбітсүйгіш ел және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде Таяу Шығыс өніріндегі қауіпсіздік пен тұрақтылықтың орнап, бекі тұсуіне мұдделілік танытады. Өуелгі кең дүниенің тарылып бара жатқаны ма бұл?! Өз қаузызына сия алмай сәт сайын құбылып тұрған сол кең дүниенің алқынған тынысы адамзаттың ақыл-есін алғандай болып, адам баласын шарасыз бір күйдің үрейіне бөлегелі де қашан. Байырғы өз елдері мен өз жерлерінен байыз таба алмай, бір басының амандығы мен күн көрісінің жайымен жан сауғалап қалт-құлт еткен жел қайықтарымен ашық теңіз үстімен Еуропа мемлекеттеріне лап қойған босқындар тағдыры, өліспей беріспеске бекінген Сириядағы қарулы қақтығыстардың кесапаты әлемді тығырыққа әкеліп тіреді. Кектеніп алған дүние екіге жарылуға айналды. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Сирия мәселесін реттеу жөніндегі халықаралық Астана процесіне қатысушыларға жолдаған Үндеуінде: «Шамамен 6 жыл бойы жалғасып жатқан қантөгіс жанжал түрлі өркениет пен мәдениет тоғысқан қасиетті өлкеге қайғы-қасіреттен басқа ештеңе әкелмегендігін мойындауға мәжбүрміз», деді. Елбасының осы бір ауыз сөзінде тарихи ақықат жатыр. Қазіргі деректер бойынша, Сириядағы соғыс кезінде 300 мыңға жуық жазықсыз бейбіт тұрғын қаза болса, 2 миллионнан астам адам жарақаттанып, 5 миллионнан астам адам өз тұрған жерлері мен үй-жайларын тастап, босып

кеткен, соның 1 миллионнан астамы жан сауғалап, шет елдерге ағылғандар. Алеппо қаласындағы әлемдік маңызы бар көне жәдігерлік нысандардың 60 пайызы бүлініп, қиратылса, 30 пайызының түкке жарағысыз үйіндіге айналғандығы да көңіл құлазытады. Ресей, Түркия, Иран мемлекеттері мен Сирияның өзіндегі түрлі көзқарастағы 15 топтың қатысуымен Сирия мәселелеріне арналған Астана процесі адамзаттың осы бір жанайқайы мен жан шырылының түйінін тарқатқандай болды. Осы арада айта кетерлік бір жай, Астанада өткен сириялық реттеу жөніндегі халықаралық кездесу, Сириядағы қазіргі жағдай қарудың күшімен шешілмейтіндігіне бар тараптардың көздерін жеткізді. Астана процесінің басты нәтижесі де, табысы да осы болса керек-ті! Және де «Ұшқақты механизм құру» туралы шешім қабылдануы мен сол арқылы ендігі жағдайдың соғыстың тоқтатылуына сай келуін қамтамасыз ету, арандатушылықты болдырмау және өзге де мәселелерді қадағалау да келісіліп отыр. Әрине, Сириядағы әбден ушығып кеткен мәселелердің екі күндік Астана келіссөздерінде толық шешілмесі де әу бастан анық болатын. Дегенмен, түрлі көзқарастардағы тараптардың бір-бірлерімен бір үстелдің басында қарама-қарсы отырып, жағдайды талқылауы және де Сириядағы жағдайды ендігі арада соғысып шешу мүмкін еместігіне көз жеткізулерінің өзі Астана процесінің халықаралық аса ауыр жағдайдың сіресіп қалған сенін қозғауы еді. Халықаралық қоғамдастық мұны Таяу Шығыстағы шиеленісті жағдайды бейбіт жолмен шешудің үміт үшқыныңдағы қабылдануы да отыр. Сіз бен біз өмір сүріп отырған дүбірлі дәуірдің яғни XXI ғасырдың саяси дүниесі мен келбетін түбірінен өзгертуге өз үлесін барынша қосып келе жатқан сарабдал саясаткер Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемді аландатып отырған Сириядағы жағдайды бейбіт жолмен реттеу үшін тараптарды алдын ала келістіріп, Астана процесіне орын беруі халықаралық қоғамдастық тарапынан ризашылық тудырды. Өйткені, Назарбаев – бір ұлттың, болмаса бір халықтың қасіретін тұтас бір адамзаттың қасіреті екендігін үзбей айтып келе жатқан Президент! Бұгінде дүние Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемді аландатып отырған Сириядағы жағдайды шектеліп қалмай, жалпы адамзаттың мұддесін ойлай келген, әлемге өзінің мақсатты мұдделерін айта келген жаһандық деңгейдегі көшбасшы деп таниды. «Әлем алдындағы зор абырайы мен беделінің арқасында Елбасы Қазақстанды әлемдік саясаттағы еш таласы жоқ халықаралық абырайлы әрі жауапты да сенімді серіктес дәрежесіне жеткізді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа деген әлемдік сенімнің бастауын, ең әуелі оның бойындағы өз халқына, өз еліне, жалпы адам баласының мұддесіне деген адалдықтан іздеу керек. Жүргегіне әлем сыйған және де сол жүргегімен әлемнің мұратты тағдырын сезе білген Елбасы – қазір әлемнің сенімді саясаткерлерінің бірі. Ендігі арада Қазақстан қоғамығана емес, бұдан былай әлемдік қоғамдастықтың өзі де Назарбаевтың ақыл-ойына жүгініп отыратындығы хак», деп ертеректе айтқан бір пікіріміздің осы арада бүгінгі күннің оқиғасымен орайласып, тағы да ойға оралғаны бар. Ақиқатында, Нұрсұлтан Назарбаев – әлемді бейбіт қатар өмір сүруге шақырып жүрген және соның тамаша ұлгісін көрсетіп келе жатқан

әлемдегі бірден-бір Президент! Ұлтаралық қарама-қайшылықтар мен түрлі көзқарастарды ортақ бір мұддеге – татулық пен бірлік мұддесіне тоғыстыра білер Назарбаев саясатын әлем мойындағы. Бұл – қазақ елінің абыройы, жалпы адамзаттың бағы! Жер-жаһанның саулұғын, адамзаттың амандығын ойлаған және сол бір ізгілік үшін құресіп келе жатқан Назарбаевты бүгінгі әлем, бүгінгі адамзат мына шырылдан жатқан дүниенің жанашыр арашашысы, бір-бірімен тіл табыса алмай, не келісе алмай, не бітісе алмай жатқандарды табыстыруши, арағайыншылық жасаушы ретінде де болды. Күні кешегі Ресей мен Түркияның арасындағы ушырып бара жатқан жағдайды біздің Елбасы өз абыройымен, өз беделімен, өз ақыл парасатымен келістірді. Қазақстанның алдағы уақытта да Біріккен Ұлттар Ұйымының бітімгершілік жүйесін одан әрі жетілдіре отырып, бұл үрдіске жаңа леп ала келетіндігі де сезсіз. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау жөніндегі миссияларындағы байқаушылары мен бітімгерлердің санын ұлғайтуды ұсына отырып, Қазақстан Палестина-Израиль арасындағы келіспеушілікті, Таяу Шығыстағы, Ауғанстан мен ТМД кеңістігіндегі қақтығыстарды бейбіт түрде шешуге, Корей түбегіндегі шиеленісті бәсендетуге, Африка мен Азиядағы дағдарыстарды еңсеруге қолдан келгенше өз үлесін қосуға ниеттеніп отыр. Міне, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемді және жалпы адамзатты түрлі қарулы қақтығыстардан сактау мен оған жол бермеудегі күш-жігері Қазақстанның 2016 жылдың 28 маусымында Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің 2017-2018 жылдардағы тұрақты емес мүшесі болып сайлануына жол ашты. Бұл біз үшін тарихи зор саяси оқиға және халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанға деген риясыз құрметі мен биік сенімі екендігін айтудымыз керек. Қазақстан сонау 1992 жылдан бері БҰҰ-ның белді де сенімді мүшесі болып келе жатыр. Бұл орайда Нұрсұлтан Назарбаевқа деген БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунның әр кездегі ыстық ықыласы мен сол БҰҰ Бас Ассамблеясының жаңадан сайланған Бас хатшысы Антониу Гутерриштің өз қызметіне кіріспес бұрын өткен жылдың соңында Астанаға арнайы ат басын бұрып, Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесіп, пікір алмасуы біздің еліміз бен Елбасының әлемдегі абыройы мен беделінің қаншалықты биік екендігін айғақтаса керек. Елбасының жаһандық соғыстың алдын алу және оны толық болдырмау, Орталық Азияда барлық мұдделі елдердің бейбітшілік, қауіпсіздік, ынтымақтастық және даму жөніндегі өнірлік аймақ үлгісін құру, жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төнген және шиеленіскен сыйн-қатерлердің бірі болып отырган халықаралық терроризм мен экстремизмді барлық мемлекеттердің күш біріктіруімен жоюға үлес қосу ниеті және Африкада толық бейбітшілік пен қауіпсіздік шараларын іске асырмайынша, жаһандық бейбітшілік орнықты болмайды, соғыс пен жанжалдардың алдын алу, адам құқықтарын қорғау, орнықты даму мақсаттарын іске асыру, климаттың өзгеруіне қарсы құрес мәселелеріндегі ұстанымы айқын тұжырымдалған Саяси үндеуінің осы заманғы және де дәл казіргі күйіп тұрған дүние саясатындағы басшылыққа алар, әлемге ой салар, жаһанға жар сала жүріп ұғындырап ғасыр құжаты. Және де Елбасының

Біріккен Ұлттар Ұйымын XXI ғасырдың жоғары әрі жаңа талаптарына сай келтіру, Кеңеске мүше мемлекеттердің мемлекет және үкімет басшылары деңгейіндегі отырыстарын жылдан бір не екі жылда бір рет өткізуді ұсынуы БҰҰ беделін нығайтуды, жаһандық әрі өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайтудағы мемлекеттер арасындағы шынайы сенімді қамтамасыз етіп, әр мемлекеттің әлемдік қауіпсіздік алдындағы жауапкершіліктерін терең сезіне білу қасиетін одан әрі тереңдете түсуді әріден ойлағандығы деп білеміз. Бір сөзben айтқанда, әлем тағдырының Астанадағы екі күні Қазақстанның және Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың дүние алдындағы зор беделін тағы да айғақтап, Қазақ елі тағы бір занғарлы биікке көтерілді!

Жабал ЕРГАЛИЕВ, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Парламент Сенатының депутаты

Толығырақ: <https://egemen.kz/article/elbasynyn-dgahandyk-dengeydegi-kayratkerliginin-dgemisi>